



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 27 маусым

### **«Digital Management» ЖШС-ны төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Digital Management» ЖШС-ны (бұдан әрі – Ұйым) төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы шешім қабылдады, бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген төлем қызметтерін көрсету бойынша Ұйым қызметін тоқтатуды білдіреді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы шешімді Ұйымның төлем қызметтерін көрсету барысында Қазақстан Республикасының төлемдер мен төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарын жүйелі түрде бұзуына байланысты «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер туралы заң) 18-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша қадағалап ден қою шеңберінде қабылдады.

Төлемдер туралы заңның 18-бабының 4-тармағына сәйкес Ұйымды төлем ұйымдарының тізілімінен алып тастағаннан кейін оның төлем қызметтерін көрсетуіне тыйым салынады (<http://www.nationalbank.kz/?docid=3323&switch=kazakh>).

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)